Атақ беру туралы өз кандидатурасын ұсынған тұлғалардан түскен қолдаухаттар қаралмайды.

Сол, бір кандидатқа қолдаухат өкілді органның шақырылымы кезеңінде екі реттен артық енгізілмейді.

17. «Түркістан облысы қаласының, ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы қолдаухат оған қоса тіркелетін құжаттарымен бірге тиісті қалалық, аудандық әкімдікке жіберіледі.

18. «Түркістан облысы қаласының, ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы ұсынысты қала, аудан әкімі тиісті қалалық, аудандық мәслихатқа аталған мәселені қалалық, аудандық мәслихаттың сессиясында қарауға дейін 1 айдан кешіктірмей енгізеді.

19. «Түркістан облысы қаласының, ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы шешімді қалалық, аудандық мәслихат қабылдайды.

20. «Түркістан облысы қаласының, ауданының Құрметті азаматы» атағын беру мәселелері бойынша құжаттарды жүргізу мен

есепке алуды, қалалық, аудандық бюджеттің есебінен куәлігі мен төсбелгісін жасауды қала, аудан әкімі аппараты жүзеге асырады.

21. «Түркістан облысы қаласының, ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы куәлікке қала, аудан әкімі мен қалалық, аудандық мәслихаттың хатшысы қол қояды.

22. «Түркістан облысы қаласының, ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісі мен куәлігін қала, аудан әкімі, қалалық, аудандық мәслихат хатшысы салтанатты жағдайда табыс етеді.

23. «Түркістан облысы қаласының, ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы шешім жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3. «Түркістан облысының (Түркістан облысы қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағынан айыру және қалпына келтіру

24. «Түркістан облысының (Түркістан облысы қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағы берілген тұлға, аталған тұлғаға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда, оған атақ беру туралы ұсыныс енгізген облыс (қала, аудан) әкімінің ұсынымы негізінде, тиісті мәслихат шешімі бойынша ол атақтан айырылады.

25. Осы Қағиданың 24-тармағында көзделген негіздер бойынша «Түркістан облысының (Түркістан облысы қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағынан айырылған тұлға, қайталап аталған атақты беруге ұсыныла алмайды.

26. Заңсыз сотталған және сот шешімі бойынша толық ақталған азаматтарға «Түркістан облысының (Түркістан облысы қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағы тиісті әкімнің ұсынысы негізінде тиісті мәслихаттың шешімімен қалпына келтіріледі.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V18U0004718>

№177

Түркістан облысы Түркістан қаласының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы

Бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №276 қаулысы және Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №30/323-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 қарашада №4769 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 12 наурыздағы қорытындысы негізінде, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Түркістан облысы Түркістан қаласының атауы жоқ көшелеріне осы бірлескен қаулы мен шешімге қосымшаға сәйкес атау берілсін.

2. «Түркістан облыстық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы мен шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Түркістан облысында таратылатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

- №17-ші көшені – Жәудір көшесі;
- №18-ші көшені – Жаңа Асар көшесі;
- №19-ші көшені – Тамдыөзек көшесі;
- №20-ші көшені – Қазтөбе көшесі;
- №21-ші көшені – Қазанат көшесі;
- №22-ші көшені – Байғазы көшесі;
- №23-ші көшені – Балдысу көшесі;
- №24-ші көшені – Қозмолдақ көшесі;
- №25-ші көшені – Шілік көшесі;
- №26-шы көшені – Күмісті көшесі;
- №27-ші көшені – Саумалкөл көшесі;
- №28-ші көшені – Сарысу көшесі;
- №29-ші көшені – Байырқұм көшесі;
- №30-ші көшені – Қазтуған жырау көшесі;
- №31-ші көшені – Ақсұмбе көшесі;
- №32-ші көшені – Дермене көшесі;
- №33-ші көшені – Өзгент көшесі;
- №34-ші көшені – Баянауыл көшесі;
- №35-ші көшені – Сызған көшесі;
- №36-ші көшені – Ертөстік көшесі;
- №37-ші көшені – Алтын Ер көшесі;
- №38-ші көшені – Алып қыран көшесі;
- №39-ші көшені – Аягөз көшесі;
- №40-ші көшені – Аққөл көшесі;
- №41-ші көшені – Алтынтөбе көшесі;
- №42-ші көшені – Аманат көшесі;
- №43-ші көшені – Атамұра көшесі;
- №44-ші көшені – Атақоныс көшесі;
- №45-ші көшені – Ақбосаға көшесі;
- №46-ші көшені – Арғымақ көшесі;
- №47-ші көшені – Ардагерлер көшесі;
- №48-ші көшені – Елқоныс көшесі;
- №49-ші көшені – Ақбиік көшесі;
- №50-ші көшені – Аламан көшесі;

- №51-ші көшені – Өркендеу көшесі;
- №52-ші көшені – Тайбурыл көшесі;
- №53-ші көшені – Тілеулес көшесі;
- №54-ші көшені – Алтынтау көшесі;
- №55-ші көшені – Алты Алаш көшесі;
- №56-шы көшені – Жосалы көшесі;
- №57-ші көшені – Қошқорған көшесі;
- №58-ші көшені – Ақарыс көшесі;
- №59-шы көшені – Қызылқұм көшесі;
- №60-шы көшені – Берекелі көшесі;
- №61-ші көшені – Көкшеқұм көшесі;
- №62-ші көшені – Аруана көшесі;
- №63-ші көшені – Жусандала көшесі;
- №64-ші көшені – Алғабас көшесі;
- №65-ші көшені – Бөржар көшесі;
- №66-шы көшені – Бейнеткеш көшесі;
- №67-ші көшені – Бурабай көшесі;
- №68-ші көшені – Елім-ай көшесі;
- №69-ші көшені – Жаңаарқа көшесі;
- №70-шікөшені – Жаңатас көшесі;
- №71-ші көшені – Жетібай көшесі;
- №72-ші көшені – Жаңғыру көшесі;
- №73-ші көшені – Қаршыға көшесі;
- №74-ші көшені – Құлсары көшесі;
- №75-ші көшені – Мәңгілік Ел көшесі;
- №76-ші көшені – Рабат көшесі;
- №77-ші көшені – Тарбағатай көшесі;
- №78-ші көшені – Көксерек көшесі;
- №79-ші көшені – Қарқаралы көшесі;
- №81-ші көшені – Қасбатыр көшесі;
- №82-ші көшені – Қызыларай көшесі;
- №83-ші көшені – Бадам көшесі;
- №84-ші көшені – Үргеніш көшесі;
- №85-ші көшені – Баршынкент көшесі;

- №86-ші көшені – Жанкент көшесі;
- №87-ші көшені – Нұрмекен көшесі;
- №88-ші көшені – Күйші Дина көшесі;
- №89-ші көшені – Жаңа қоныс көшесі;
- №90-ші көшені – Сарайшық көшесі;
- №91-ші көшені – Шымқорған көшесі;
- №92-ші көшені – Қарақұм көшесі;
- №93-ші көшені – Ақшоқы көшесі;
- №94-ші көшені – Шырағдан көшесі;
- №95-ші көшені – Саламат көшесі;
- №96-ші көшені – Баққоныс көшесі;
- №97-ші көшені – Балтакөл көшесі;
- №98-ші көшені – Шәмші Қалдаяқов көшесі;
- №99-ші көшені – Жаңа Шахар көшесі;
- №100-ші көшені – Құлынды көшесі;
- №101-ші көшені – Шалқия көшесі;
- №102-ші көшені – Сарыкөл көшесі;
- №103-ші көшені – Сарыөзек көшесі;
- №104-ші көшені – Асар көшесі;
- №105-ші көшені – Желмая көшесі;
- №106-ші көшені – Алтынтөбе көшесі;
- №107-ші көшені – Қаратал көшесі;
- №108-ші көшені – Балабүрген көшесі;
- №109-ші көшені – Нұрата көшесі;
- №110-ші көшені – Мәдени мұра көшесі;
- №111-ші көшені – Қара шаңырақ көшесі;
- №112-ші көшені – Салбурын көшесі;
- №113-ші көшені – Ақшығанақ көшесі;
- №114-ші көшені – Саятшылық көшесі;
- №115-ші көшені – Жаңадария көшесі;
- №116-шы көшені – Кентөбе көшесі;
- №117-ші көшені – Құндызды көшесі;
- №118-ші көшені – Құрақты көшесі;
- №119-шы көшені – Тартоғай көшесі;

- №120-шыкөшені – Оймақты көшесі;
№121-ші көшені – Иіркөл көшесі;
№122-ші көшені – Рауан көшесі;
№123-ші көшені – Айнакөл көшесі;
№124-ші көшені – Асан қайғы көшесі;
№125-ші көшені – Саққорған көшесі;
№126-ші көшені – Керегетас көшесі;
№127-ші көшені – Қызылтал көшесі;
№128-ші көшені – Ақбастау көшесі;
№129-ші көшені – Ақтамберді жырау көшесі;
№130-ші көшені – Кендірлі көшесі;
№131-ші көшені – Маяқұм көшесі;
№132-ші көшені – Бозбұтақ көшесі;
№133-ші көшені – Қарабұлақ көшесі;
№134-ші көшені – Көккөл көшесі;
№135-ші көшені – Гаухартас көшесі;
№136-ші көшені – Дауылпаз көшесі;
№137-ші көшені – Дарабоз көшесі;
№138-ші көшені – Құмкөл көшесі;
№139-ші көшені – Майлыкент көшесі;
№140-ші көшені – Жаушықұм көшесі;
№141-ші көшені – Атақорған көшесі;
№142-ші көшені – Жаңакент көшесі;
№143-ші көшені – Ақжайлау көшесі;
№144-ші көшені – Қошқарата көшесі;
№145-ші көшені – Қаймақты көшесі;
№146-ші көшені – Қостаңбалы көшесі;
№147-ші көшені – Қарсақпай көшесі;
№148-ші көшені – Ойық көшесі;
№149-ші көшені – Ойыл көшесі;
№150-ші көшені – Мұғалжар көшесі;
№151-ші көшені – Қаған көшесі;
№152-ші көшені – Аймауыт көшесі;
№153-ші көшені – Елбегі көшесі;

- №154-ші көшені – Жеті қазына көшесі;
- №155-ші көшені – Самрұқ көшесі;
- №156-ші көшені – Нұр-Астана көшесі;
- №157-ші көшені – Бүркітші көшесі;
- №158-ші көшені – Алтынемел көшесі;
- №159-ші көшені – Жанқұтты би көшесі;
- №160-ші көшені – Алмас қылыш көшесі;
- №161-ші көшені – Ақтоған көшесі;
- №162-ші көшені – Ордакент көшесі;
- №163-ші көшені – Ақкемер көшесі;
- №164-ші көшені – Керімсал көшесі;
- №165-ші көшені – Құс жолы көшесі;
- №166-ші көшені – Айыртау көшесі;
- №168-ші көшені – Аққорған көшесі;
- №169-шы көшені – Қорғанқұм көшесі;
- №170-ші көшені – Ақжайқын көшесі;
- №171-ші көшені – Шаға көшесі;
- №172-ші көшені – Манкент көшесі;
- №173-ші көшені – Ақжелең көшесі;
- №174-ші көшені – Сүткент көшесі;
- №175-ші көшені – Жағажай көшесі;
- №176-ші көшені – Жазықсай көшесі;
- №177-ші көшені – Наурызек көшесі;
- №178-ші көшені – Ақсуат көшесі;
- №179-ші көшені – Тайқоңыр көшесі;
- №180-ші көшені – Ақшатау көшесі;
- №181-ші көшені – Бозінген көшесі;
- №182-ші көшені – Аңырақай көшесі;
- №183-ші көшені – Құтмекен көшесі;
- №184-ші көшені – Миялы көшесі;
- №185-ші көшені – Көксу көшесі;
- №186-ші көшені – Ақтоғай көшесі;
- №187-ші көшені – Айнабұлақ көшесі;
- №188-ші көшені – Астық көшесі;

- №189-шы көшені – Алтынайдар көшесі;
- №190-ші көшені – Гүлзар көшесі;
- №191-ші көшені – Теректі көшесі;
- №192-ші көшені – Тыңдала көшесі;
- №193-ші көшені – Арқалық көшесі;
- №194-ші көшені – Қайнарлы көшесі;
- №195-ші көшені – Қызыл сеңгір көшесі;
- №196-ші көшені – Женд көшесі;
- №197-ші көшені – Аршалы көшесі;
- №198-ші көшені – Ырыс көшесі;
- №199-шы көшені – Қарағайлы көшесі;
- №200-ші көшені – Гүлдала көшесі;
- №201-ші көшені – Қайрақты көшесі;
- №202-ші көшені – Ақжар көшесі;
- №203-ші көшені – Еңлік-Кебек көшесі;
- №204-ші көшені – Бәйшешек көшесі;
- №205-ші көшені – Көкжелек көшесі;
- №206-ші көшені – Қобыз көшесі;
- №207-ші көшені – Нұрлы жол көшесі;
- №208-ші көшені – Ақниет көшесі;
- №209-ші көшені – Ұлы дала көшесі;
- №210-ші көшені – Тассуат көшесі;
- №211-ші көшені – Естай көшесі;
- №212-ші көшені – Қорлан көшесі;
- №213-ші көшені – Мұзтау көшесі;
- №214-ші көшені – Жидебай көшесі;
- №215-ші көшені – Ерейментау көшесі;
- №217-ші көшені – Жезқазған көшесі;
- №218-ші көшені – Сейхүн көшесі;
- №219-шы көшені – Талас көшесі;
- №220-шы көшені – Сұлутөбе көшесі;
- №221-ші көшені – Тобыл көшесі;
- №222-ші көшені – Үстірт көшесі;
- №223-ші көшені – Хантау көшесі;

- №224-ші көшені – Құмкент көшесі;
- №225-ші көшені – Үштөбе көшесі;
- №226-ші көшені – Бағаналы көшесі;
- №227-ші көшені – Зеренді көшесі;
- №228-ші көшені – Жасыл ел көшесі;
- №229-ші көшені – Аршын көшесі;
- №230-ші көшені – Шаттық көшесі;
- №231-ші көшені – Байдалы би көшесі;
- №232-ші көшені – Қамбар батыр көшесі;
- №233-ші көшені – Елшібек батыр көшесі;
- №234-ші көшені – Желкілдек батыр көшесі;
- №235-ші көшені – Тілеулі батыр көшесі;
- №236-ші көшені – Шырайлы көшесі;
- №237-ші көшені – Мерей көшесі;
- №238-ші көшені – Керуен көшесі;
- №239-ші көшені – Құлан көшесі;
- №240-шы көшені – Нұрлы көшесі;
- №241-ші көшені – Жайдарман көшесі;
- №242-ші көшені – Тарлан көшесі;
- №243-ші көшені – Бурылтай көшесі;
- №244-ші көшені – Көкорай көшесі;
- №245-ші көшені – Қозыбасы көшесі;
- №246-шы көшені – Саян көшесі;
- №247-ші көшені – Күлтегін көшесі;
- №248-ші көшені – Атакент көшесі;
- №249-шы көшені – Маралды көшесі;
- №250-ші көшені – Егінді көшесі;
- №251-ші көшені – Ханшатыр көшесі;
- №252-ші көшені – Күншуақ көшесі;
- №253-ші көшені – Рамазан көшесі;
- №254-ші көшені – Адырна көшесі;
- №255-ші көшені – Босаға көшесі;
- №256-шы көшені – Жетіген көшесі;
- №257-ші көшені – Бекет ата көшесі;

- №258-ші көшені – Құлтума ақын көшесі;
- №259-ші көшені – Ақсеңгір көшесі;
- №260-шы көшені – Шалқыма көшесі;
- №261-ші көшені – Меркі көшесі;
- №262-ші көшені – Темірқазық көшесі;
- №263-ші көшені – Мұнара көшесі;
- №264-ші көшені – Дулыға көшесі;
- №265-ші көшені – Долана көшесі;
- №266-шы көшені – Дихан көшесі;
- №267-шікөшені – Ғибрат көшесі;
- №268-ші көшені – Ғұлама көшесі;
- №269-шыкөшені – Алдаспан көшесі;
- №270-ші көшені – Сабантой көшесі;
- №271-ші көшені – Көктеу көшесі;
- №272-ші көшені – Сыбаға көшесі;
- №273-ші көшені – Өсиет көшесі;
- №274-ші көшені – Өрлеу көшесі;
- №275-ші көшені – Берел көшесі;
- №276-ші көшені – Дарынды көшесі;
- №277-ші көшені – Суяб көшесі;
- №278-ші көшені – Әбілмәмбет хан көшесі;
- №279-ші көшені – Болат хан көшесі;
- №280-ші көшені – Әликен хан көшесі;
- №281-ші көшені – Сығай хан көшесі;
- №282-ші көшені – Қазақ елі көшесі;
- №283-ші көшені – Сейіт сұлтан көшесі;
- №284-ші көшені – Тұрсын хан көшесі;
- №285-ші көшені – Есіркеп сұлтан көшесі;
- №286-ші көшені – Байтемір сұлтан көшесі;
- №287-ші көшені – Сидак көшесі;
- №288-ші көшені – Сауқым көшесі;
- №289-шы көшені – Ерқоян көшесі;
- №290-ші көшені – Шілдеhana көшесі;
- №291-ші көшені – Үштөбе көшесі;

- №292-ші көшені – Бабатөбе көшесі;
- №293-ші көшені – Мейрамтөбе көшесі;
- №294-ші көшені – Қостөбе көшесі;
- №295-ші көшені – Алаша хан көшесі;
- №296-шы көшені – Атырау көшесі;
- №297-ші көшені – Ақтау көшесі;
- №298-ші көшені – Ақмола көшесі;
- №299-ші көшені – Талдықорған көшесі;
- №300-ші көшені – Алматы көшесі;
- №301-ші көшені – Семей көшесі;
- №302-ші көшені – Көкшетау көшесі;
- №303-ші көшені – Қарағанды көшесі;
- №304-ші көшені – Орынбор көшесі;
- №305-ші көшені – Өскемен көшесі;
- №306-шы көшені – Қостанай көшесі;
- №307-ші көшені – Тұңғыш Президент көшесі;
- №308-ші көшені – Сарыағаш көшесі;
- №309-шы көшені – Жаңаөзен көшесі;
- №310-ші көшені – Екібастұз көшесі;
- №311-ші көшені – Атбасар көшесі;
- №312-ші көшені – Теміртау көшесі;
- №313-ші көшені – Талғар көшесі;
- №314-ші көшені – Шардара көшесі;
- №315-ші көшені – Есік көшесі;
- №316-ші көшені – Қостөбе көшесі;
- №317-ші көшені – Күлтөбе көшесі;
- №318-ші көшені – Испиджаб көшесі;
- №319-ші көшені – Ембі көшесі;
- №320-ші көшені – Түркісіб көшесі;
- №321-ші көшені – Наукент көшесі;
- №322-ші көшені – Қойлық көшесі;
- №324-ші көшені – Қорғалжың көшесі;
- №325-ші көшені – Наурызым көшесі;
- №326-шы көшені – Ақсу-Жабағылы көшесі;

- №327-ші көшені – Марқакөл көшесі;
- №328-ші көшені – Әлімтау көшесі;
- №329-ші көшені – Алакөл көшесі;
- №330-ші көшені – Ақтайлақ би көшесі.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V18U0004769>

№178

Түркістан қаласын дамытудың кейбір мәселелері туралы
Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі №763 Жарлығы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағын құрсын.
2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000763>

№179

Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі №762 Жарлығы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Түркістан облысы әкімдігімен бірлесіп, осы Жарлықты іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Назарбаев

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000762>

№179

Түркістан облысы Түркістан қаласы Ә.Темір көшесі мен Б.Саттарханов даңғылының қиылысынан бастап Тәуке хан даңғылымен Н.Төрекұлов көшесінің қиылысына дейінгі аралықтағы көшені Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы деп атау туралы

Бірлескен Түркістан облыстық әкімдігінің 2019 жылғы 20 наурыздағы №42 қаулысы және Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 20 наурыздағы №36/371-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 наурызда №4946 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 20 наурыздағы қорытындысы негізінде, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түркістан облысы Түркістан қаласы Ә. Темір көшесі мен Б. Саттарханов даңғылының қиылысынан бастап Тәуке хан даңғылымен Н. Төрекұлов көшесінің қиылысына дейінгі аралықтағы көше Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы деп аталсын.

2. «Түркістан облыстық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы мен шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен қаулы мен шешім ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің орынбасары М.Н. Отарбаевқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешім ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ө. Шөкеев

**Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы,
хатшысы**

Қ.Балабиев

№180

Түркістан облысы Түркістан қаласының бас жоспары туралы (негізгі ережелерді қоса алғанда)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 25 қарашадағы №793 қаулысы.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес және Түркістан облысы Түркістан қаласының кешенді дамуын

қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Түркістан облыстық және қалалық мәслихаттары мақұлдаған Түркістан облысы Түркістан қаласының бас жоспарының (негізгі ережелерді қоса алғанда) жобасы бекітілсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 маусымдағы №735 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А.Мамин

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V19U0004946>

№181

2023–2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №24/232-VII шешімі

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-бабының 2 тармағына, 75-бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағының

1) тармақшасына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Түркістан қаласының 2023–2025 жылдарға арналған қалалық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 101 649 325 мың теңге;

салықтық түсімдер – 16 717 855 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 610 378 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 25 331 003 мың теңге;

трансферттер түсімі – 58 990 089 мың теңге;

2) шығындар – 79 045 346 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 287 157 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 287 157 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы – 22 316 822 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – – 22 316 822 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 22 424 621 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 107 799 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 12.05.2023 №2/7-VIII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2023 жылға корпоративтік табыс, жеке табыс салықтар және әлеуметтік салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу нормативтері:

ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша қалалық бюджетке 50 пайыз, облыстық бюджетке 50 пайыз;

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша қалалық бюджетке 46,9 пайыз, облыстық бюджетке 53,1 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша қалалық бюджетке 50,0 пайыз, облыстық бюджетке 50,0 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша қалалық бюджетке 50,0 пайыз, облыстық бюджетке 50,0 пайыз болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 12.05.2023 №2/7-VIII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. 2023 жылы облыстық бюджеттен қаланың бюджетіне берілетін субвенция 596 628 мың теңге көлемінде қарастырылсын.

4. Қала әкімдігінің 2023 жылға арналған резерві 350 000 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 12.05.2023 №2/7-VIII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

М.А. Таңғатаров

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G22UD24232M>

№182

Түркістан қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Түркістан облысы мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №2/26-VIII бірлескен шешімі және Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 12 мамырдағы №92 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 мамырда №6287-13 тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, Түркістан қаласы халқының пікірін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы, 2021 жылғы 7 желтоқсандағы және 2022 жылғы 20 маусымдағы қорытындылары негізінде Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Түркістан қаласының даңғылдарына келесі атаулар берілсін:

Жаңа шағын аудандағы шартты №40-көшенің 5-құрылыс аумағындағы атауы жоқ даңғылға Шәмші Қалдаяқов даңғылы;

Атауы жоқ даңғылға Есім хан даңғылы.

2. Түркістан қаласының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№80 көшеге Күйбасар көшесі;

№167 көшеге Дәстүр көшесі;

№216 көшеге Майлытоғай көшесі;

Түркістан қаласы әкімшілік-іскерлік орталығындағы №30 көшеге Аднан Мендерес көшесі.

3. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы және Түркістан облысы мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы және Түркістан облысы мәслихатының шешімі олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысы әкімінің міндетін атқарушы

Е. Кенжеханұлы

Түркістан облыстық

мәслихатының төрағасы

Н. Абишов

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V23U0628713>

№183

Түркістан облысы Түркістан қаласының шекарасын өзгерту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №578 қаулысы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жалпы ауданы 4831,86 гектар Сауран ауданының жерлерін қосу және жалпы ауданы 4716,29 гектар Түркістан қаласының жерлерін Сауран ауданының шека-

расына (шегіне) қосу арқылы Түркістан облысы Түркістан қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №2/14-VIII бірлескен шешіміне және «Түркістан облысы Түркістан қаласының және Сауран ауданының шекараларын өзгерту және белгілеу туралы» Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 2 мамырдағы №79 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 14 шілдедегі
№578 қаулысына қосымша

Түркістан облысы Түркістан қаласының шекарасына қосылатын жерлер бөлігінің экспликациясы

Р/с №	Ауданның атауы	Жалпы жер ауданы (гектар)	оның ішінде:							
			ауыл шаруа- шы- лығы мақ- сатын- дағы жерлер (гектар)	елді ме- кендер жерлері (гектар)	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаж- дығына және өзге де ауыл шаруашы- лығы мақ- сатына ар- налмаған жерлер (гектар)	ерекше қорғала- тын та- биғи ау- мақтар- дың жерлері, сауық- тыру, рекреа- циялық және тари- хи-мәде- ни мақ- саттағы жерлер (гектар)	ор- ман ко- ры- ның жер- лері (гек- тар)	су ко- ры- ның жер- лері (гек- тар)	бос- ал- қы жер- лер (гек- тар)	

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Түркістан қаласының шекарасына (шегіне) берілетін Сауран ауданы жерінің жалпы ауданы	4831,86	4831,86	-	-	-	-	-	-
2	Сауран ауданының шекарасына (шегіне) берілетін Түркістан қаласы жерінің жалпы ауданы	4716,29	2598,0	2088,29	20	-	-	10	-

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000578>

№184

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің “Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы” және “Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры” республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына “Ұлттық” мәртебе беру туралы”

“Мәдениет туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 1-тармағына сәйкес Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің “Әзірет Сұлтан” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-

қорығы” және “Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры” республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына “Ұлттық” мәртебе берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы жарлық 2024 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.Тоқаев**

№185

Түркістан қаласының құрметті азаматтары мен ғалымдардың сұхбаттары мен естеліктері

№1

1941 жылы Түркістан қаласында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Отбасымызбен Түркістанның маңындағы қызыл шаруа ауылына көшіп, онда төрт кластық білім алдым. Қайтадан Түркістанға қоныс аударып, В.И. Ленин атындағы №1 қазақ орта мектебінде 10 сыныпты бітірдім. 1964 жылы Шымкент педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1967 жылы тәмәмдадым. Ресейдің Ленинград қазіргі, Санкт-Петербург қаласында әскери борышымды өтедім. Қызыл шаруадағы бастауыш мектепте мұғалім болып қызмет атқардым. Қыз шаруа Сырдарияның бойында орналасқан елді мекен. Халық мал шаруашылығы мен балық аулаумен айналысады. Әлі есімде Сырдария ақпан айында тасып, наурыз, сәуір, мамыр, маусым айларында халық тек балық аулап күнелтетін еді. Қазір малды бордақыласа, онда сырдың шүйгін шөбімен малды семіртетін едік. Бала күнімізде мектепте жақсы оқыған оқушыларға мұғалімдер әр тоқсан сайын екі дәптер бір қаламсап беретін. Ол кезде дәптер, қаламсапқа қол жеткізу өте қиын болатын. Соғыстан кейінгі жылдары тұрмыс-тіршілік өте ауыр болды, қай саланы алып қарасақ та. Мектеп формасы деген атымен жоқ болды. 1960 жылдан бастап Түркістан өңірінде мек-

теп жұмысы дұрыс жолға қойыла бастады. Форма, кітап, дәптер, қаламсап т.б.

1967 жылы Түркістанға қоныс аударып, өзім білім алған В.И. Ленин атындағы №1 жалпы орта мектебіне мұғалім болып жұмысқа орналастым. 17 жылы С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінде директор, 16 жыл қалалық білім бөлімінің басшысы, үш жыл Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ лицейінде директор қызметін атқардым. ҚР Білім беру ісінің үздігі, Құрмет орденінің иегері атандым. Түркістан қаласының Құрметті азаматы.

Түркістандағы В.И. Ленин атындағы №1 қазақ орта мектебінде қазақтың атақты азаматтары білім алды. Мәселен, алаш қайраткері С.Қожанов, жазушы С.Ерубәев, ғалым І.Кеңесбаев, М.Балақаев, генерал Б.Байтасов, даңқты волейболшы О.Жарылқапов, грем-рим күресінен КСРО чемпионы Қ.Аққалиев атауға болады.

1955 жылы В.И. Ленин атындағы №1 жалпы қазақ, орыс орта мектебі болатын. Қазіргі С.Ерубәев музейінің ғимаратында қазақ сыныбының оқушылары, ал екі қабатты ғимаратта орыс сыныптары оқитын. Түркістанның тарихын 1955 жылдан бастап жақсы білемін десем қателеспеймін. Түркістанның осындай абыройға жетуі Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімімен тікелей байланысты екендігін ұмытпауымыз керек.

Құлбайымбетов Жарқынбек

Түркістан ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы
Зейнеткер. ҚР Білім беру ісінің үздігі, Құрмет орденінің иегері
Түркістан қаласының Құрметті азаматы

№2

1961 жылдың 10 ақпанында Түркістан ауданы, Шөйтөбе станциясында өмірге келдім. 1968 жылы Түркістан ауданы Ынтымақ ауылындағы М.Мұса атындағы мектепке барып, 1978 жылы мектепті бітірдім. Ата-анам Шөйтөбе ауылындағы Күншағыр темір-жол станциясында жұмыс атқарды. Шөйтөбе Түркістан алғашқы атауы екендігін білесіздер. Маңында көптеген ескі қорымдар болатын. Бала күнімізде мал бағып жүріп, Шөйтөбе қалашығынан

көптеген ортағасырлық монеталар, қыш құмыралар, мал сүйектерін көптеп кездестіретін едік. Ауылдың ақсақалдары Шөйтөбе Ұлы Жібек жолында орналасқан үлкен қала болғандығы жөнінде айтып отыратын. Санамызға әбден сіңген қалашыққа барып, көктем мезгілдерінде ауыл болып, тасаттық өткізетін едік. Жыл сайын көктем мен күз мезгілдерінде ескі мазарлар орындарына тазалық жұмыстарын жүргізетінбіз. Бала күнімізде археологтар келіп Шөйтөбе қалашығына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Ауылдың біраз балаларын жұмысқа қабылдағаны әлі есімізде.

Біздің отбасы 1968 жылы Түркістан ауданы, Қазақстанның ХХХ жылдығы қазіргі, Ынтымақ ауылына қоныс аударды. Әкем Жармахан Бейсенбаев колхозда мақта шаруашылығының бригадирі болып қызмет істеді. 1978 жылы Қазақ ССР Партия Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаев Түркістан қаласына ресми іссапармен келіп, Ынтымақ ауылына арнайы ат басын бұрып, мақта шаруашылығымен танысты. Қазақ ССР Партия Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаев мақта шаруашылығының жұмысына оң баға беріп, әкем Жармахан Бейсенбаевқа «ІІІ дәрежелі Еңбек Даңқы» төсбелгісімен марапаттап, су жаға Нива автокөлігін табыс еткен болатын. Бала күнімізде ауылда мақта шаруашылығының жұмысына көп араластық. теруге шығатынбыз. Шабық, мақта теруге баратынбыз. Еңбек бізді әбден өсірді.

1968 жылы Қарағанды политехникалық университетінде оқуға түсіп, оны аяқтаған соң әскери борышымды Ресейдің Киров қаласында өткіздім. Жолдамамен Түркістан қаласына келіп, Ішкі істер органдарында ол уақытта милиция деп атайтын сонда қызмет атқарып, 2006 жылы зейнеткерлікке шықтым. Зейнеткерлікке шыққан соң «Түркістан индустриалды педагогикалық колледжінде» мұғалім болып бес жыл қызмет атқардым. 2000 жылы Түркістан қаласының «Жыл адамы», 2001 жылы «Қазақстанның үздік полицейі» төсбелгісімен марапатталдым. Қазіргі таңда, Түркістан қаласы ардагерлер кеңесінде төраға орынбасары қыз-

метін атқарып келемін. Ардагерлер кеңесі қоғамдық жұмыстармен айналысады.

Бейсенбаев Бақытжан Жармаханұлы

Түркістан ардагерлер бірлестігінің төраға орынбасары

Ішкі істер органдарына қызмет атқарған. Зейнеткер.

Запастағы полиция подполковнигі

№3

1946 жылы қазіргі Сауран ауданы, Сауран елді мекенінде өмірге келдім. Бірақ 3 жасымда Түркістанға қоныс аударып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңында біздің үйіміз болды. Тоқал тамдар көп болатын, кейін барлығын мемлекет мұқтаждығы үшін сүрді. 7-8 жасымда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қаланың намаз оқитын мешіті қызметін атқарды. Ауылдың балалары кесененің төбесіне шығып ойнайтынбыз. Қараусыз қалған уақыттар да болды. Бұл соғыстан кейінгі жылдар болатын. 1970 жылдан бастап кесенеге мемлекеттен қаржы бөлініп айналысы реттеле бастады. Жалпы Ясауи данышпан әрі философ болған. Ахмет Игінеки Ясауи шәкірттерінің бірі. Ясауидің қылуетханасын тікелей Ахмет Игінеки салдыруға үлес қосты деген әфсана бар. Бірде Ясауи шәкірті Ахмет Игінекиге «адам ағын суға екі мәрте түсе ала ма? деп сауал қойыпты. Ұзақ ойланған Ахмет Игінеки жоқ тақсыр, адам суға екі мәрте емес бір рет те түсе алмайды деп. Адам суға аяғын салады. Ол ағын су одан әрі өтіп кетеді, беліне дейін батады ол су да ары қарай ағып кетеді. Адам денесі суға толық түсем дегенше су сән мәрте ағып өтеді деп»-жауап берген екен. Бұл әфсана адам санасына үлкен ой салады деп білемін.

Салғараев Тұрғанбай

Б.Алтынсарин атындағы медальдің иегері.

Өлкетанушы, географ. Зейнеткер

№4

1951 жылы бұрынғы Қызылқұм ауданы, қазіргі Отырар ауданы, Отырар бөлімшесінде дүниеге келдім. Мектепті Түркістан қаласында 1969 жылы бітіріп, Өзбекстан Республикасы, Самарқанд

ауылшаруашылық институтына түсіп, 1974 жылы тәмәмдадым. Қазіргі таңда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Экономика факультетінде оқытушы болып қызмет атқарамын. Түркістанның экономикалық тарихын зерттеп жүрмін. 1962–1963 ж. Түркістан қаласында ашаршылық орын алды. Бұл тарихи факт. Н.Хрущев билікке келген тұста, дүкендерде бидай ұны емес, жүгері ұндары сатылды. Ол да тапшы болды. Бұл жағдай еліміздің барлық облыс, қалаларында байқалды. Тауарлардың жетіспеушілігі т.б. Л.Брежнев билікке келген соң бұл жағдай қалыпқа келді. Одақтың барлық дүкен сөрелерінде заттар жеткілікті деңгейде болды. 1980 жылдардың ортасында қайтадан азық-түліктер карточкамен беру режимі енгізілді. Тауар жетіспеушілігі қайтадан белең алды. Ресей, Украина мемлекеттерінде демонстрациялар белең алды. Сол кезеңде Түркістан дүкендерінде азық-түлік, оның ішінде қант, шекер, темекі өнімдері, спирттік алкоголь өнімдері арнайы карточкалар арқылы ғана беріле бастады. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Түркістан қаласында дүкен сөрелері босап қалғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл жағдайға әсер еткен факторлар көп болды. Сырттан импорт заттары кірмеді, отандық өндірушілердің зат өндіретін қарқыны қазіргі уақыттай болмады. Қаржы тапшылығы деген факторлардың да әсер еткендігін білеміз. Дейтұрғанмен Түркістанда өндірілетін нан зауыты, темір бетон зауыты, асфальт жасау зауыты ғана бар. Бұл өз кезегінде қаланы жұмыспен қамту оң өзгеріс алып келеді деп айта алмаймыз. Қалаға көптеген инвестициялық жобаларды көбірек тартып, халықты жұмыспен қамту жағын қарастыру аса қажет.

Мырзалиев Бораш

Экономика ғылымдарының докторы, профессор. Зейнеткер

№5

2021 жылы 31 наурызда Түркістан «Түркі әлемінің рухани астанасы» деп жариялады.

Қожа Ахмет Ясауи – жалпы түркілік мәдениет кеңістігінде өзіндік ілім қалыптастырып, ойлау қалыптарымыз бен дүние-

танымдық жүйемізге исламдық құндылықтар негізіндегі ар түзейтін ғылымның моральдық-этикалық арнасы мен үлгісін көрсетіп кеткен тарихи тұлға. Оның тұлғасы дәстүрлі түрік философиясындағы циклдік ойлау жүйесі мен сопылық дүниетаным негізіндегі тарихи жадымыз бен рухани құндылықтарымызды топтастырған бабаларымыздың сара жолының негізгі ұстынына айналды. Өткен тарихымыздың өн бойында, ұлттық діліміздің тұғыры болған түркілік рухани құндылықтар әлемі осы бабалар жолы шеңберінде мәдени танымдық болмысымызды сақтап келді.

Кейінгі ғасырларда Ясауи мұрасын насихаттау барысы мен зерттеулер нәтижесінде ерекше дәстүр қалыптасты. Бұл дәстүрді танымал ясауитанушы, түрік ғалымы К.Ераслан «хикмет дәстүрі», ал ортаазиялық деректерде «турки ілім» деп анықтаса, бүгін бұл дәстүрді «Ясауитану» деген ұғымымен жинақтап қарастыруымызға болады. Яғни Ясауи мұрасы туралы жинақталған, зерттеулердің өзін шартты түрде «хикмет дәстүрі», «турки ілім» және «Ясауитану» деп жүйелеуге болады.

Сонымен, Ясауитанудың алғашқы кезеңі болып табылатын «хикмет дәстүрі» сатысының мақсаты – Қожа Ахмет Ясауидің сопылық көзқарастары мен ғибраттық ой нұсқаларын жинақтау және тарату болатын. Хикмет дәстүрінің негізінде Ясауидің мұрасы оның шәкірттері мен ізбасарлары арқылы хатқа түсірілді.

Ясауитанудың екінші кезеңі өткен ғасырдың басындағы Фуат Көпрулінің «Түрік әдебиетіндегі алғаш түрік сопылары» атты еңбегі арқылы жаңа сатыға көтерілді. Бүгінге дейін Ясауи мұрасы әрбір зерттеушінің өз уақыты мен кеңістігі тұрғысынан қарастырылды және осылай жалғасып келеді.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде «Диуани хикмет» (1878–1910 ж.) Қазан, Станбұл, Самарқанд, Әндіжан, Уфа, Ташкентте бірнеше рет жарық көрді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде Қожа Ахмет Ясауи ілімі қарқынды зерттеліп келеді. Бұл тұрғысында Елбасы Н.Назарбаев «Егер Қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет

Ясауидің хикметтері («Даналық сөздері») сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруге тиіс» деп бағалаған болатын.

Ғалымдар тарапынан академик Ә.Нысанбаевтың Қожа Ахмет Ясауи ілімін игеруде жаңаша көзқарас пен әдістің қажеттілігіне меңзейді. Әдебиетші ғалым Т.Есембеков «Ясауи мұрасын қазіргі заманға икемдеу немесе керегін ғана алу емес, керісінше өзіміз оны терең түсінуіміз керек» дейді. А.Абуовтың еңбегі Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымын философиялық тұрғысынан зерттеуде алғашқы болуымен құнды. Қ.Бегалинованың еңбегінде де жемісті нәтижелер бар. М.Жармұхамедұлының Қазақстандық Ясауитану саласындағы қажырлы еңбегіне лайықты бағасын беруіміз керек. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің қазақ тіліндегі аудармаларына келсек, транскрипциясының қателіктерін қоспағанда, көптеген терминдер, діни ұғымдар негізгі мазмұнынан айрылғандығын және бұл «Диуани хикметтің» қазақша нұсқасының қайта қолға алынуы қажеттігін көрсетеді. Дегенмен елімізде бұл салада келелі дамулар да бар екенін атап өтуіміз керек. А.Ахметбектің зерттеу еңбектерінде Қожа Ахмет Ясауидің хал ілімі-адамды рухани жетілдірудің жолы екендігін көрсетті. Белгілі философ, академик Ә.Нысанбаев Қазақстандағы исламдық мәдениеттің қалыптасуындағы әл-Фараби, Ибн Сина, Баласағұни, Махмұд Қашқари, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Абай мен Шәкәрім ілімдерінің маңызы мен орнына жүйелі түрде тоқталған. Белгілі абайтанушы-ғалым М.Мырзахметұлы Қожа Ахмет Ясауи мен Абай арасындағы сабақтастық пен мәдениетіміздегі сопылық ілімінің мәнін көрсеткен. Шығыстанушы-ғалым Ә.Муминов Ясауия тариқатының сол дәуірдегі ислам өркениетіндегі орны, қалыптасу тарихына тоқталады. Тарихшы З.Жандарбек Қожа Ахмет Ясауи ілімінің қазақ мемлекетінің (хандығының) құрылуындағы маңызына назар аудартып отыр. Н.Нұртазина Қожа Ахмет Ясауи мұрасының тарихи және танымдық мәнін бүгінгі күн талабы тұрғысынан үйлестіруді ұсынды.

Қожа Ахмет Ясауи түркі жұртының рухани көсемі. Бұл тұрғысында Елбасы Н.Назарбаев «Түркістаннан тараған аса қуатты

рухани сәулемен нұрланған Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азиядағы оның ішінде Қазақстанда да, барлық түркі халықтарының ұлттық рухани ілім жүйесін өрнектеп берді» деп бағалады.

Түрік-ислам өркениетіне жол салып, түркілік дүниетанымдық ойлау қабатында иман нұры арқылы жаңа құндылықтар әлемін ашқан кемеңгер әулие Қожа Ахмет Ясауи халқымыздың жадынан, киелі тарихи санасынан өшпестей орын алған. Ясауиді тарихи деректер «Әулиелердің сұлтаны» (Султан ул-арифин), «Түркілердің сұлтаны» (Султан-и Турки), «Бақытқа ашылған қақпа» (астана-и саадат), «рухани тіректердің ұстазы» (қутуб ул-ақтаб), «шайхтардың шайхы» (шайх ул-машайих), «Түркі елінің пірі» (пир-и Туркистан), «Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи» ретінде танытады.

Қожа Ахмет Ясауидің жеке тұлғасының тарихи санамызда айрықша орын алуында екі маңызды себеп бар. Біріншісі, дәстүрлі түркілік дүниетанымындағы циклдік ойлау жүйесі негізінде қалыптасқан аталар дәстүрі төңірегіндегі түркі (қазақ) мұсылмандық ерекшелігінде болса, екіншісі, Қожа Ахмет Ясауидің алғаш түркі тариқатының негізін салған, өзіндік ілімін қалыптастырған тарихи тұлға екендігінде жатыр. Қожа Ахмет Ясауиден де бұрын сопылар, дін ұстаздары болғанымен, олар түркілік мәдениет негізінде исламды үйретудің өзіндік арнасы мен жүйелі ілім қалыптастыра алмады. Исламның ақиқаты біреу болғанымен, ділдік, мәдени, дүниетанымдық ұстындар, географиялық, климаттық және саяси-құқықтық, әлеуметтік институттар мен экономикалық ерекшеліктерге орай түрліше-мұсылмандық қалыптар болды және бола да береді. Бұл – дін және мәдениет немесе Ислам және ұлттық дәстүр қатынасынан туындайтын феномен.

Қорытындылай келе, Қожа Ахмет Ясауидің хикмет дәстүрі қазақ даласында жыраулық және терме-нақыл сияқты, моральдық, ғибраттық мазмұнда дамыды. Қазақ мәдениетінде салсерілік институты Хақиқатқа барар жолдағы адамдардың рухани бірлігін, туыстығын, ынтымақтастығын қоғамға өнеге ретінде көрсеткен. Сопылардың пірлері тек рухани көсем ғана болып қоймай, сонымен қатар саяси билік, басқару істерінде де ық-

палды болғанын қазақ хандарының кеңесшілері сопылар болғаны дәлелдейді. Қазақ мемлекетінің құрылуындағы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің маңызын Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Түркістанның жаңа қазақ хандығының астанасына айналуы тек қолайлы географиялық жағдайына ғана байланысты емес еді. Ол сонау XII ғасырдан бастап әлем назарын өзіне аударып алғанды. Бұл исламдық руханиятта ерекше орын иемденетін айтулы сопылық мектептің негізін салған шайқы, ғұлама ақын, Қожа Ахмет Ясауидің жан-жақты ұстаздық және уағызшылдық қызметінің арқасы еді» деп бағалайды.

Кенжетай Досай

Философия ғылымдарының докторы, профессор

№6

Түркістан қаласы көне дәуірдегі қазақ қалаларының бірі. Оның тарихын өткен XIX ғ. басталатын археологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри «көне Шауғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XI ғасырдан бастап қала орталығы Ясыға көшкен» дейді. Бұл деректерді қазіргі біздің археолог ғалымдар да растайды.

Түркістан қаласы тарихымен Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық екі қаласы Шауғар (Шойтөбе) мен Ясының (Күлтөбе) тағдыры тығыз байланысты. Олар Түркістан оазисінің белгілі бір тарихи кезеңдерінде әкімшілік пен экономикалық орталығы болғанды.

Алдымен, оазистегі басты қала Шауғар, сонан соң Ясы болды. Түркістан қаласының тарихы да осы Ясыдан басталады. (Түркістан – XVI ғасырға дейін Ясы деп аталған).

IX–X ғасырлардағы жазба деректерден қазіргі Түркістан ауданы орналасқан жерде Шауғар атты орталық қаласы бар аймақ болғандығы белгілі. Шауғар VI–XI ғасырлар аралығында, бұл өлкенің басты қаласы болып есептелді. Оған басқа ұсақ қалалар мен қоныстар, сонымен бірге, аймақтың болашақ орталығы – Ясы да бағынатын. IX–X ғасырлар Шауғар қаласының нағыз гүл-

денген кезеңі болатын. Оның жер өңдеу және көшпенділік мәдениеттерінің қиылысында орналасуы қаланың көлемі жағынан тез арада өсіп, ірі қолөнер және сауда орталығына айналуына зор әсерін тигізді. Шауғар қаласының орнын Шойтөбе деп есептеу ешбір күмән туғызбайды, және бұл Қазақстан археологиясында түпкілікті қабылданған ұғым. Түрлі тарихи жағдайларға байланысты Шауғар қаласы XIII ғасырдың басында билігінен айырылып, аймақтың орталығы болып Ясы қаласы бой көтерді. Ясы атауы жазба деректерде тұңғыш рет XIII ғасырдың ортасында пайда болды. Бұған себеп болған армян патшасы I Гетумнің монғол хандары Батый мен Мөңкенің сарайларына сапар шегуі еді. Гетум елшілігінің жол жобасында Ясы қаласы «Асон» атауымен қатар жолда кездескен ірі қалалардың бірі ретінде аталады. Ясы – жазықтық, Шауғар-қара тас деген мағына білдіреді. Ясы этнопонимі орта ғасырдағы түркілердің Ясы тайпасының атынан шығуы да мүмкін, бұл тайпа IX–XI ғ. оғыз тайпаларының бірлестігі құрамында болған.

Орта ғасырлардың бастапқы кезеңінде-ақ Ясы орнында ірі елді мекен немесе кішігірім қалашық болған және Шауғар аймағына енгендіктен соған бағынышты болатын. Кейбір зерттеушілер Ясыны Шауғар қаласының бір бөлігі деп те есептейді.

XII ғасырдың басына дейін Ясы да Шауғардың басынан өткерген тарихи оқиғаларды бастан кешті. VI–VIII ғасырларда – Түркі, Батыс Түркі, Түргеш қағанатының құрамында болды. VIII ғасырда арабтар жорығын бастан кешті. IX–X ғасырларда Саманидтерге, Қарлықтарға, Оғыздарға бағынышты болды. XI–XII ғасырларды Қараханидтер мемлекеті қарамағында өткізді. XII ғасырдың басында Салжұқтар мен қарақытайлардың вассалына айналды, ал XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында Хорезмшахтар мемлекетінің құрамында болды.

Түркістан қаласының тарихы үш кезеңнен тұратындығы белгілі.

Алғашқы кезеңі деп Шауғар – Шойтөбе қаласының тарихи өмірі қарастырылады. Ол өзі аттас аймақтың (қазіргі Түркістан

ауданы территориясында орналасқан) саяси – экономикалық орталығы болғандығымен белгілі.

Екінші – орта кезеңі деп Ясы – Күлтөбе қаласының гүлдену кезеңі (XII–XV ғ.) есептеледі, ол да өзі аттас аймақтың саяси-экономикалық және рухани орталығы болған. XIII ғасырдың басында Шауғар-Шойтөбе тарихи себептермен өмір сүруін тоқтатқан соң тарих тәріне ерте ортағасырлардан бері (V–X ғ.) онымен қатар өмір сүріп келе жатқан көршісі Ясы шығады. Бұрынғы Шауғар аймағы енді Ясы аймағы деп аталып, қала өзінің гүлдену кезеңіне қадам басады.

Үшінші кезең – Ескі Түркістан – Түркістан тарихының кейінгі кезеңі деп аталады. Алғашқы Шауғар – Шойтөбе, Ясы – Күлтөбе бөлімдері қала тарихының III–IV ғасырларынан бастап XIV–XV ғасырларына дейінгі ерте және орта кезеңдерін қамтыған болса, Ескі Түркістан бөлімі қаланың кейінгі орта ғасыр мен жаңа заман тарихы кезеңіндегі XV ғ. мен XX ғ. басы аралығындағы тарихын баян етеді. Бұл кезең Түркістанның гүлдену кезеңі, қаланың діни ғана емес саяси да орталыққа айналған тұсы.

Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 6 шақырым жерде орналасқан ортағасырлық үлкен қаланың орны бар. Шауғар-Шойтөбе – Түркістан қаласы тарихының алғашқы кезеңі деп есептеледі. Қаланың орталық бөлігі цитаделінің көлемі 200×180 м, биіктігі 12 м, шахарстаны – 360×300 м, биіктігі 3 м. Оны қоршай қала рабады орналасқан – көлемі 25 га асады. Қаланы 1989–1992 ж. және 1996–1999 ж. Түркістан археологиялық экспедициясы зерттеген (Л.Б. Ерзакович, Е.А. Смағұлов) Археологиялық зерттеу жұмыстары жалғасуда, нәтижесінде Түркістан қаласы өмірінің бастапқы кезеңін дәлірек анықтайды деп күтілуде. Қаланы, XIII ғ. басында Хорезм шахы Мұхаммед ибн-Текеш жау қолына түспесін деп қиратқан деген ғылыми болжам бар. Қала халқы дәл қасына орналасқан Ясы шахарына қоныс аударған, алайда, тұрғындардың бір бөлігі қираған Шауғардың оңтүстік-шығысы мен солтүстік-шығыс беттерінен жаңадан екі қоныс салғандығын 1996–1999 ж. археологиялық зерттеулер анықтап берді. Бұл қоныстар XIV ғасырдың аяғына дейін ғана өмір сүрген.

Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 350 метрдей жерде орналасқан ортағасырлық қаланың орны Ясы – Күлтөбе (Б.з.д. III–XIV ғ.) қалашығы Түркістан қаласы тарихының орта (екінші) кезеңі деп есептеледі. Ахмет Ясауи кесенесі осы Ясы-Күлтөбе қаласының көне қорымының үстіне салынғандығы бүгінде анықталып отыр. Қазіргі күнге дейін қаланың негізгі орталық бөлігі-цитаделі ғана сақталған, оның көлемі – 150x120 м, биіктігі – 9 м. Қаланы 1981–1984 ж. Түркістан археологиялық экспедициясы (Е.А. Смағұлов) зерттеп, өмір сүру кезеңін анықтаған. Зерттеу нәтижесінде қала IV–V ғасырларда қалыптасып XIV ғасырға дейін өмір сүргендігі анықталды. XV ғ. бастап Ясы-Күлтөбе жаңадан қалыптасқан Түркістан (Ескі Түркістан) қаласының территориясына еніп, оның шахарстанының бір бөлігі ретінде XX ғ. аяғыны дейін өмір сүрген. Соңғы зерттеулер қаланың жасын б.з.д. III ғ. дейін жеткізді.

